

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер туралы ақпаратты ұсыну нысандарын бекіту жөнінде**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқарамасының 2008 жылғы 28 қарашадағы N 183 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 8 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5474 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 81 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.05.2015 № 81 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі – уәкілетті орган) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес " Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер туралы ақпарат " нысаны ( бұдан әрі - нысан) бекітілсін.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ай сайын, есептіден кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға берілетін деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғанис құралдарымен алынған ақпаратты жеткізудің кепілдік берілген көлік жүйесін пайдаланып, нысанды электронды т а с ы м а л д а ғ ы ш п е н б е р е д і .

Уәкілетті органның талап етуі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сұрату алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей нысанды қағаз т а с ы м а л д а ғ ы ш п е н б е р е д і .

Электронды тасымалдағышпен берілетін деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен дәлме-дәлдігін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірінші басшысы немесе оның орнындағы адам қамтамасыз етеді.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа е н г і з і л е д і .

4. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын

қадағалау департаменті (Қарақұлова Д.Ш):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесе отырып, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

5. Агенттіктің Төрайым қызметі (А.А. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

*Төрайым*

*Е. Бахмутова*

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
Басқармасының

2008 жылғы 28 қарашадағы

N 183 қаулысымен бекітілген

Сақтандыру ( қайта сақтандыру )  
ұйымының аффилиирленген тұлғаларымен  
мәмілелер туралы ақпарат нысаны

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының \_\_\_\_\_  
(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)**

**аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер туралы ақпарат**

**Ескерту. Нысанға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.29 № 50 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2010.09.03 N 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасау

N	Сақтанушының / қайта сақтанушының	Бизнес - сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлға үшін), жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болған)	Сақтандыру ( қайта сақтандыру ) ұйымымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаға сәйкес	Сақтандыру / қайта сақтандыру түрі ( сынып )	Сақтандыру сыйлықақыларының сомасы ( мың теңгемен )	Сақтандыру сомасы ( мың теңгемен )	Сақтандыру тарифы ( сақтандыру )
---	-----------------------------------	--	---	--	---	------------------------------------	----------------------------------

	атауы ( фамилиясы , аты - жөні )	жағдайда ) жеке тұлға үшін))	жатқызылған тұлғаның белгісі				сомасындағы пайызбен )
1	2	3	4	5	6	7	8
	Жиынтық						

### кестенің жалғасы

	Сақтандыру ( қайта сақтандыру ) шарты бойынша комиссиялық сыйақы ( мың теңгемен )	Ш а р т жасау күні ( талаптарды орындау басталған күн )	Шарттың іс-қимылының аяқталған күні ( талаптарды орындау аяқталған күн )	Сақтандыру ( қайта сақтандыру ) шарты бойынша сақтандыру төлемдері сомасы ( мың теңгемен )	Пайда алушының атауы ( фамилиясы , аты - жөні )	Сақтандыру ( қайта сақтандыру ) ұйымының Директорлар кеңесінің не акционерлердің жалпы жиналысының ( Директорлар кеңесі болмаған жағдайда ) шешімдерінің деректемелері	Ескерту
9	10	11	12	13	14	15	

## 2. Өзге операциялар

N	Тұлғаның атауы ( фамилиясы , аты - жөні )	Бизнес - сәйкестендіру нөмірі ( заңды тұлға үшін ), жеке сәйкестендіру нөмірі ( бар болған жағдайда ) жеке тұлға үшін ))	Сақтандыру ( қайта сақтандыру ) ұйымымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаға сәйкес жатқызылған тұлғаның белгісі	Операциялар түрі	Валюталар түрі	Ш а р т бойынша мәміле сомасы ( мың теңгемен )	Ш а р т жасалған күн ( талаптарды орындау басталған күн )
1	2	3	4	5	6	7	8

### кестенің жалғасы

Шарттың іс-қимылының аяқталған күні ( талаптарды	Шарт талаптары бойынша қамтамасыз ету		Төленетін сыйақы ( жылдық пайызбен )		Сақтандыру ( қайта сақтандыру ) ұйымының Директорлар кеңесінің не акционерлердің жалпы	Есепті күнгі ағымдағы қалдық	Ескерту
	құны ( мың		сақтандыру ( қайта	сақтандыру ұйымы			

орындау аяқталған күн )	түрі	теңгемен )	сақтандыру ) ұйымының пайдасы үшін аффилиирленген тұлғаларға	аффилиирленген тұлғаның пайдасы үшін	жиналысының ( Директорлар кеңесі болмаған жағдайда ) шешімдерінің деректемелері	( мың теңгемен )	
9	10	11	12	13	14	15	16

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғаларымен жасалатын операцияларының әрбір түрі бойынша сомасы (сақтандыру төлемдерін қоспағанда) 200 \_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_ жағдай бойынша жиынтықты түрде Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының " Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" 2006 жылғы 25 наурыздағы N 87 қаулысына сәйкес есептелетін нақты төлем қабілетсіздігі маржасы мөлшерінің 0,1 пайызынан аспайды, \_\_\_\_\_ мың теңге болады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғаларына есепті кезең ішінде жеңілдік талаптар жасалған жоқтығын және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы ақпаратта көрсетілгеннен басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғаларымен басқа мәмілелер жасалған жоқтығын растайды. Бірінші басшысы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы тұлға) \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

Мөрдiң орны :

Кесте толтыру жөніндегі нұсқаулар :

1) кестеде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен оның аффилиирленген тұлғаларымен жасалатын, сомасы, операцияларының әрбір түрі бойынша, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Сақтандыру (айта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" 2006 жылғы 25 наурыздағы N 87 қаулысына сәйкес тиісті есепті күнге есептелген нақты төлем қабілетсіздігі маржасы жиынтық мөлшерінің 0,1 пайызынан асатын барлық

мәмілелер жөніндегі, оның ішінде, кестеде көрсетілген мәмілелер (бірақ олармен шектелмей) жөніндегі мәліметтер көрсетіледі ;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша мәміленің сомасын анықтау кезінде сақтандыру сыйлықақыларының немесе сақтандыру төлемдерінің сомасын негізге алу қажет ;

3) егер өзге операциялар бойынша мәмілелердің шарттарында қамтамасыз ету немесе сыйақы төлемдері қарастырылмаса, онда 10),11) немесе 12), 13) бағандар толтырылмайды ;

4) кестеде ағымдағы жылдың басынан бері жасалған мәмілелер туралы ақпарат көрсетіледі.

Бірінші басшысы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы тұлға)\_\_\_\_\_

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

Мөрдiң орны.